

**Атауы жоқ көшеге атау беру туралы Кішкенекөл ауылдық округінің Кішкенекөл ауылы
Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы**

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Кішкенекөл ауылдық округі әкімінің
2025 жылғы 12 желтоқсандағы № 87 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, Мәдениет басқармасының № 24.6-33/44 хаты негізінде 2025 жылғы 08 қазанда Кішкенекөл ауылы халқының пікірін ескере отырып ШЕШІМ қабылдаймын :

1. Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Кішкенекөл ауылдық округі, Кішкенекөл ауылындағы атауы жоқ көшеге "Мәншүк Мәметова" атауына өзгертілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімінің м. а.

А. Қойшыбаев